


Бекітемін
Қазақстан Республикасы
Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігінің
Мемлекеттік материалдық резервтер
комитетінің төрағасы

Б. Иманәлиев
2017 жылғы 10 ақпан

2017 жылға арналған
Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш
өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер
комитетінің мемлекеттік материалдық резервтің
материалдық құндылықтарын шығару
(жаңарту және броньнан шығару тәртібімен)
жөніндегі тендерлік комиссияның жұмыс регламенті

1. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын шығару (жаңарту және броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің тендерлік комиссиясы (бұдан әрі – тендерлік комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес өз жұмысын жүзеге асырады.

2. Қағидаларға сәйкес Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару тендерінің ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті болып табылады.

3. Тендерлік комиссия құрамына төраға, төраға орынбасары және тендерлік комиссия мүшелері кіреді.

Тендерлік комиссия құрамына Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті «Резерв» РМК-ның қызметкерлері кіреді (келісім бойынша).

Тендерлік комиссия төрағасы болмаған кезінде оның міндеттерін төрағаның орынбасары атқарады.

4. Тендерлік комиссия мүшелері санының үштен екісінен кем емес қатысушы және төрағасы немесе оны ауыстыратын тұлға қатысқан жағдайда ғана комиссия отырысы заңды болып есептеледі.

5. Тендерге қатысу туралы өтінім болған жағдайда, мемлекеттік резерв бойынша тендер 2017 жылдың әрбір бейсенбі күні сағат 11.00-де өткізіледі.

6. Тендерлік комиссия 2017 жылы шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтардың кесімді бағасы (ҚҚС есептегенде) тендерлік комиссиямен келесідей анықталады:

1) Операциялық жоспардың бекітілген мерзімінен бастап үш ай бойы сақтау мерзімі аяқталатын материалдық құндылықтардың бағасы салу бағасының деңгейінде қойылады.

2) Өндірістік қайта өңдеуге арналған тауарлардың бағасы салу бағасының деңгейінде қойылады.

3) Қалған жағдайда тендерлік комиссиямен ұқсас тауарға үш бағалық ұсыныстар міндетті ретте (прайс-парақтар) қарастырылады.

Егер бағалық ұсыныстардың ең төменгі бағасы салу бағасынан төмен болса, материалдық құндылықтардың кесімді бағасы салу бағасының деңгейінде қойылады. Егер бағалық ұсыныстардың ең төменгі бағасы салу бағасынан жоғары болса, кесімді баға салу бағасы мен бағалық ұсыныстардың төменгі бағасы арасындағы орташа арифметикасы формуласымен белгіленеді:

$$A=(B+C)/2,$$

где:

A – мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының кесімді бағасы;

B - мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының салу бағасы;

C – бағалық ұсыныстардың төменгі бағасы.

7. Тендерлік комиссия көрсетілген Ереженің 41 тармағына сәйкес мемлекеттік резерв тауарлар лотының кесімді бағасын кезең - кезеңімен төмендету туралы шешім қабылдайды.

8. Тендерге қатысу туралы өтінім болған жағдайда, жұмылдыру резерв бойынша тендер 2017 жылдың әрбір сейсенбі күні сағат 11.00-де өткізіледі.

9. Тендерлік комиссия 2017 жылы шығарылатын жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтардың кесімді бағасы (ҚҚС есептемегенде) бағалау компаниясымен анықталады.

10. Тендерлік комиссияның хатшысы өтінімдер бар екендігін әр дүйсенбі және сәрсенбі сайын сағат 18.30 дейін тендерлік комиссия мүшелеріне хабарлайды.

11. Тендерлік өтінім тендер болатын уақытқа дейін тендерлік комиссия төрағасының сейфінде мөрленген конвертте сақталады және тендерлік комиссия отырысында ашылады.

12. Хатшы тендерлік өтінімдерді қарау нәтижесі туралы хабарламаны дайындап тендер өткізілген күннен бастап 1 (бір) тәулік ішінде тендерді ұйымдастырушының ғаламтор-қорында орналастырылады.

13. Тендерлік комиссия отырысының хаттамасын тендер өткен күні хатшы дайындайды және тендер мүшелерімен қол қойылып, www.kgmr.gov.kz сайтында орналастырылады.

14. Тараптардың материалдық құндылықтарды жұмылдыру резервінен шығару шарттарын дайындауы және қол қоюы тендерлік комиссияның хаттамалық шешімі негізінде жүзеге асады.

2017

15. Тендерлік комиссиясының шешімі Ереженің 40 тармағына сәйкес қабылданады.

16. Тендерлік комиссия отырысы аудио-видео жазбаларымен қоса жүргізіледі.


Комиссия төрағасы:

С.К. Сабырбаева




Комиссия мүшелері:


Б.Қ. Ахметов



Н.М. Иманбаев




Д.А. Нұрқанов



Е.С. Рахматулла




Д.Н. Дүйсекенова



Д.А. Жарлықапов



Б.А. Орынбеков



Комиссия хатшысы:

Д.Е. Абуева

